

**Стратегиялық су шаруашылығы құрылысжайлары мен гидротехникалық құрылысжайлардың, оның ішінде мүліктік жалдауға (жалға) немесе сенімгерлік басқаруға берілуі мүмкін құрылысжайлардың тізбесін айқындау туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 23 тамыздағы № 671 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Су кодексі 14-бабының 4-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес стратегиялық су шаруашылығы құрылысжайлары мен гидротехникалық құрылысжайлардың, оның ішінде мүліктік жалдауға (жалға) немесе сенімгерлік басқаруға берілуі мүмкін құрылысжайлардың тізбесі айқындалсын.

2. Осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

О. Бектенов

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2025 жылғы 23 тамыздағы  
№ 671 қаулысына  
1-қосымша

**Стратегиялық су шаруашылығы құрылысжайлары мен гидротехникалық құрылысжайлардың, оның ішінде мүліктік жалдауға (жалға) немесе сенімгерлік басқаруға берілуі мүмкін құрылысжайлардың тізбесі**

**Ескерту. Тізбеге өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 24.01.2026 № 36; 17.04.2026 № 292 қаулыларымен.**

1. Су шаруашылығы құрылысжайлары мен гидротехникалық құрылысжайлар:

- 1) Сырдария өзеніндегі Шардара су қоймасы;
- 2) Ертіс өзеніндегі Бұқтырма су қоймасы;
- 3) Ертіс өзеніндегі Өскемен су қоймасы;
- 4) Ертіс өзеніндегі Шұлбі су қоймасы;
- 5) Есіл өзеніндегі Астана су қоймасы;
- 6) Есіл өзеніндегі Сергеев су қоймасы;
- 7) Есіл өзеніндегі Петропавл су қоймасы;
- 8) Іле өзеніндегі Қапшағай су қоймасы;
- 9) Шелек өзеніндегі Бартоғай су қоймасы;
- 10) Сілеті өзеніндегі Сілеті су қоймасы;

- 11) Қоянды өзеніндегі Қоянды су қоймасы;
- 12) Елек өзеніндегі Ақтөбе су қоймасы;
- 13) Қарғалы өзеніндегі Қарғалы су қоймасы;
- 14) Сазды өзеніндегі Сазды су қоймасы;
- 15) Үйдене өзеніндегі Үйдене су қоймасы;
- 16) Қандысу өзеніндегі Қандысу су қоймасы;
- 17) Шар өзеніндегі Шар су қоймасы;
- 18) Егінсу өзеніндегі Егінсу су қоймасы;
- 19) Қарақол өзеніндегі Қарақол су қоймасы;
- 20) Ұлан өзеніндегі "Алебастр" су қоймасы;
- 21) Теріс өзеніндегі Теріс-Ащыбұлақ су қоймасы;
- 22) Шу өзеніндегі Тасөткел су қоймасы;
- 23) Көшім өзеніндегі Киров су қоймасы;
- 24) Көшім өзеніндегі Бітік су қоймасы;
- 25) Көшім өзеніндегі Дөңгелек су қоймасы;
- 26) Көшім өзеніндегі Пятимар су қоймасы;
- 27) Үлкен Өзен өзеніндегі Сарышығанақ су қоймасы;
- 28) Кіші Өзен өзеніндегі "Балықты Сарқыл" су қоймасы;
- 29) Кіші Өзен өзеніндегі Казталов-1 су қоймасы;
- 30) Кіші Өзен өзеніндегі Казталов-2 су қоймасы;
- 31) Шаған өзеніндегі Шаған су қоймасы;
- 32) Шерубай-Нұра өзеніндегі Жартас су қоймасы;
- 33) Шоқай өзеніндегі Шоқай су қоймасы;
- 34) Нұра өзеніндегі Ынтымақ су қоймасы;
- 35) Соқыр өзеніндегі Федоров су қоймасы;
- 36) Есіл өзеніндегі Есіл су қоймасы;
- 37) Ащысу өзеніндегі Ащысу су қоймасы;
- 38) Ақтасты өзеніндегі Ақтасты су қоймасы;
- 39) Жезді өзеніндегі Жезді су қоймасы;
- 40) Тобыл өзеніндегі Жоғарғы Тобыл су қоймасы;
- 41) Тобыл өзеніндегі Қаратомар су қоймасы;
- 42) Тобыл өзеніндегі Қызылжар су қоймасы;
- 43) Тобыл өзеніндегі Сергеев су қоймасы;
- 44) Тобыл өзеніндегі Амангелді су қоймасы;
- 45) Бадам өзеніндегі Бадам су қоймасы;
- 46) Тоғыз өзеніндегі Тоғыз су қоймасы;
- 47) Шаян өзеніндегі Қапшағай су қоймасы;
- 48) Бөген өзеніндегі Бөген су қоймасы;
- 49) Жаңақорған өзеніндегі Сасықбұлақ су қоймасы;

- 50) Қарашық өзеніндегі Қосқорған су қоймасы;
- 51) Шерт өзеніндегі Шерт су қоймасы;
- 52) Баба Ата өзеніндегі Баба Ата су қоймасы;
- 53) Үлкен Шаға бұлағындағы Таушаға су қоймасы;
- 54) Алмалы өзеніндегі Таскенсай су қоймасы;
- 55) Үлкен Қаракұс өзеніндегі Шүкірой су қоймасы;
- 56) Келес өзеніндегі Ақылбексай су қоймасы;
- 57) Үштөбе өзеніндегі Үштөбе су қоймасы;
- 58) Нұра өзеніндегі Самарқанд су қоймасы;
- 59) Тұрғысын өзеніндегі Тұрғысын-1 су қоймасы;
- 60) Қара кеңгір өзеніндегі Кеңгір су қоймасы.
- 61) Сабыр Арыстанбаев атындағы Қызылорда су торабы;
- 62) Сырдария өзеніндегі Қазалы су торабы;
- 63) Сырдария өзеніндегі "Әйтек" су торабы;
- 64) Сырдария өзеніндегі "Ақлақ" су торабы;
- 65) Шелек өзеніндегі Шелек су торабы;
- 66) Нұра өзеніндегі Преображенский су торабы;
- 67) Ойыл өзеніндегі Ералы су торабы;
- 68) Талас өзеніндегі Талас су торабы;
- 69) Талас өзеніндегі Темірбек су торабы;
- 70) Талас өзеніндегі Жейімбет су торабы;
- 71) Талас өзеніндегі Ойық су торабы;
- 72) Аса өзеніндегі Аса су торабы;
- 73) Шу өзеніндегі Фурманов су торабы;
- 74) Мерке өзеніндегі қосымша су беретін трактісі бар Мерке су торабы;
- 75) Аспара өзеніндегі қосымша су беретін трактісі бар Аспара су торабы;
- 76) Ақсай өзеніндегі Ақсай су торабы;
- 77) Көксай өзеніндегі Көксай су торабы;
- 78) Шаған тармағындағы Көшім су торабы;
- 79) Кіші Өзен өзеніндегі Варфоломеев су торабы;
- 80) Кіші Өзен өзеніндегі Мамай су торабы;
- 81) Арыс өзеніндегі Қараспан су торабы;
- 82) Шу өзеніндегі Тасөткел бөгеті;
- 83) Ақкөл көліндегі Ақкөл бөгеті;
- 84) Солтүстік Арал теңізінің су көтеру бөгеті;
- 85) Белая өзеніндегі су көтеру бөгеті;
- 86) Жайық-Көшім суару-суландыру жүйесінің бас құрылысжайлары;
- 87) Сырдария өзенінің Қараөзек тармағының бас құрылысжайы;
- 88) Д. А. Қонаев атындағы Үлкен Алматы каналының бас құрылысжайы;

- 89) Қ. И. Сәтпаев атындағы канал;
- 90) Сырдария өзеніндегі Көксарай контрреттегіші;
- 91) Астана қаласының Есіл өзенінің тасыған суынан қорғау бөгеті;
- 92) "Батыс" коллекторы бар Қызылқұм магистральды каналы.

2. Қалалардың сумен жабдықтау және су бұру жүйелері:

- 1) Астана;
- 2) Алматы;
- 3) Ақтау;
- 4) Ақтөбе;
- 5) Атырау;
- 6) Қарағанды;
- 7) Көкшетау;
- 8) Қостанай;
- 9) Қызылорда;
- 10) Павлодар;
- 11) Петропавл;
- 12) Талдықорған;
- 13) Тараз;
- 14) Орал;
- 15) Өскемен;
- 16) Шымкент;
- 17) Семей;
- 18) Түркістан;
- 19) Теміртау;
- 20) Екібастұз;
- 21) Рудный;
- 22) Жезқазған;
- 23) Кентау;
- 24) Балқаш;
- 25) Жаңаөзен;
- 26) Сәтпаев;
- 27) Ақсу;
- 28) Риддер;
- 29) Арыс;
- 30) Степногор;
- 31) Шахтинск;
- 32) Саран;
- 33) Қапшағай;
- 34) Арқалық;

35) Лисаков;

36) Приозерск.

3. Осы тізбенің 2-тармағында аталған қалалардың сумен жабдықтау және су бұру жүйелері немесе олардың элементтері мемлекеттік меншікте болады, иеліктен шығарылмайды және Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша мүліктік жалдауға (жалға) немесе сенімгерлік басқаруға берілуі мүмкін.

4. Салу жоспарланған немесе салыну процесіндегі гидротехникалық құрылысжайлар\*:

1) Түркістан облысындағы Өгем өзеніндегі гидроэлектр станцияларының каскады бар су құбыры;

1-1) Шығыс Қазақстан облысындағы Кіші Үлбі өзеніндегі "Алтай" шағын гидроэлектр станциясы;

1-2) Жетісу облысы Алакөл ауданындағы Тентек өзеніндегі гидроэлектр станцияларының каскады;

1-3) Жетісу облысындағы Көксу өзеніндегі гидроэлектр станцияларының каскады;

1-4) Жетісу облысы Сарқан ауданындағы Лепсі өзеніндегі бөгет;

1-5) Шығыс Қазақстан облысындағы Қалжыр өзеніндегі шағын гидроэлектр станцияларының каскады;

1-6) Абай облысы Мақаншы ауданы Қарабұта өзеніндегі су қоймасы;

1-7) Абай облысы Көкпекті ауданы Кіші Бөкен өзеніндегі су қоймасы;

1-8) Абай облысы Мақаншы ауданы Келдімұрат өзеніндегі су қоймасы;

1-9) Абай облысы Мақаншы ауданы Көктерек өзеніндегі су қоймасы;

1-10) Абай облысы Ақсуат ауданы Базар өзеніндегі су қоймасы;

2) Шығыс Қазақстан облысындағы Оба өзеніндегі гидроэлектр станцияларының каскады.

\*Ескертпе: осы тармақта көрсетілген гидротехникалық құрылысжайлар пайдалануға берілгеннен кейін осы тізімнің тиісті тармағына енгізілуге тиіс.

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2025 жылғы 23 тамыздағы

№ 671 қаулысына

2-қосымша

### **Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші жойылған кейбір шешімдерінің тізбесі**

1. "Ерекше стратегиялық маңызы бар, оның ішінде жалға және сенімгерлік басқаруға берілуі мүмкін су шаруашылығы құрылыстарының тізбесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 29 желтоқсандағы № 933 қаулысы.

2. "Ерекше стратегиялық маңызы бар, оның ішінде жалға және сенімгерлік басқаруға берілуі мүмкін су шаруашылығы құрылыстарының тізбесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 29 желтоқсандағы № 933 қаулысына

толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 7 сәуірдегі № 214 қаулысы.

3. "Ерекше стратегиялық маңызы бар, оның ішінде жалға және сенімгерлік басқаруға берілуі мүмкін су шаруашылығы құрылыстарының тізбесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 29 желтоқсандағы № 933 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 4 маусымдағы № 379 қаулысы.

4. "Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Су ресурстары комитеті "Қазсушар" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Сырдария өзеніндегі Қызылорда су торабына Сабыр Арыстанбаевтың есімін беру және Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Республикалық меншіктегі су шаруашылығы құрылыстарының тізбесін бекіту туралы" 2004 жылғы 21 желтоқсандағы № 1344 және "Ерекше стратегиялық маңызы бар, оның ішінде жалға және сенімгерлік басқаруға берілуі мүмкін су шаруашылығы құрылыстарының тізбесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 29 желтоқсандағы № 933 қаулыларына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 18 ақпандағы №7 қаулысының 3-тармағы.

5. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Ерекше стратегиялық маңызы бар, оның ішінде жалға және сенімгерлік басқаруға берілуі мүмкін су шаруашылығы құрылыстарының тізбесі туралы" 2017 жылғы 29 желтоқсандағы № 933 және "Жекешелендірудің 2021 – 2025 жылдарға арналған кейбір мәселелері туралы" 2020 жылғы 29 желтоқсандағы № 908 қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 2 тамыздағы № 523 қаулысының 1-тармағының 1) тармақшасы.

6. "Ерекше стратегиялық маңызы бар, оның ішінде жалға және сенімгерлік басқаруға берілуі мүмкін су шаруашылығы құрылыстарының тізбесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 29 желтоқсандағы № 933 қаулысына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 9 ақпандағы № 100 қаулысы.

7. "Ерекше стратегиялық маңызы бар, оның ішінде жалға және сенімгерлік басқаруға берілуі мүмкін су шаруашылығы құрылыстарының тізбесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 29 желтоқсандағы № 933 қаулысына толықтыру енгізу және ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жерлерін босалқы жерлерге ауыстыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 29 қыркүйектегі № 774 қаулысының 1-тармағы.

8. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Республикалық меншіктегі су шаруашылығы құрылыстарының тізбесін бекіту туралы" 2004 жылғы 21 желтоқсандағы № 1344 және "Ерекше стратегиялық маңызы бар, оның ішінде жалға

және сенімгерлік басқаруға берілуі мүмкін су шаруашылығы құрылыстарының тізбесі туралы" 2017 жылғы 29 желтоқсандағы № 933 қаулыларына толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 20 наурыздағы № 164 қаулысының 1-тармағының 2) тармақшасы.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК